



**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы Баспасөз және ақпарат саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 13 қаңтар N 43

Ескерту. ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 1499 қаулысын қараңыз.

P001499\_

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 5 қазанда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы Баспасөз және ақпарат саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының  
Үкіметі арасында баспасөз және ақпарат саласындағы  
ынтымақтастық туралы  
Келісім\*

\*(2001 жылғы 12 ақпанда күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары  
бюллетені, 2002 ж., N 1, 7-құжат)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының  
Үкіметі (бұдан әрі - Тараптар),  
екі мемлекет арасында бар достық қатынастарды одан әрі дамытуға  
және нығайтуға ынтымақтық басшылыққа ала отырып,  
баспасөз және ақпарат саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықты

одан әрі дамытуға Тараптардың мүдделілігін ескере отырып,

1992 жылғы 9 қазанда Бішкек қаласында қол қойылған, ТМД-ға мүше мемлекеттердің ақпарат саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімнің ережелеріне өздерінің адалдығын қуаттай отырып,

төмендегілер туралы келісті:

#### 1-бап

Тараптар, өз мемлекеттерінің ұлттық заңдарына сәйкес, Тараптар мемлекеттерінің саяси, экономикалық және мәдени салаларына ықпал ететін бұқаралық ақпаратпен олардың ақпараттық қызметтегі (агентстволары) арқылы кең ауқымды және тұрақты алмасу үшін қолайлы жағдайлар жасауға жәрдемдесетін болады.

#### 2-бап

Тараптардың әрқайсысы мерзімді баспа басылымдарындағы мәліметтер мен материалдарды тарату сол Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарына қайшы келмеген жағдайда екінші Тараптың мемлекетінде заңды негізде басылатын мерзімді баспа басылымдарын өз мемлекетінің аумағында еркін алмастыруға және таратуға жәрдемдесетін болады.

#### 3-бап

Тараптар өз мемлекеттеріндегі бұқаралық ақпарат құралдары редакциялары мен ақпараттық қызметтері (агентстволары) арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты қолдайтын және көтермелейтін болады, оның нақты шарттары мен нысандарын оған қатысушылардың өздері, соның ішінде жекелеген

келісімдер жасасу арқылы белгілейтін болады.

#### 4-бап

Тараптар теле және радио хабарларын таратуды, сондай-ақ екі мемлекеттің журналистері дайындаған материалдарды беруді ұйымдастыруға,

өздерінің редакциялары тиісті байланыс жүйелерін пайдаланған кезде оларға жәрдем көрсететін болады.

#### 5-бап

Тараптар теле-радио хабарларын тарату, бұқаралық ақпараттың баспасөз құралдары саласында, ақпаратпен байланысты ғылыми-техникалық салаларда мамандармен алмасуды тең негізде көтермелейтін болады.

#### 6-бап

Тараптардың әрқайсысы бір Тарап мемлекеттерінің ақпараттық мекемелері кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін екінші Тарап мемлекетінің аумағына жіберілетін журналистерге, теле және радио тілшілерге, бұқаралық ақпарат құралдарының өзге де өкілдері мен кітап шығарушыларына, олар қабылдаушы Тарап мемлекетінің ұлттық заңдарын сақтаған жағдайда, қажетті ұйымдық көмек көрсететін болады.

#### 7-бап

Тараптар баспа және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін құқықтық реттеу саласында ынтымақтастықты және тәжірибе алмасуды, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің ұлттық мүдделері мен мемлекеттік құпияларына ықпал етпейтін өзге де ақпаратпен алмасуды өздерінің құзыретті органдары арқылы жүзеге асыратын болады.

#### 8-бап

Осы Келісімді жүзеге асыру мақсатында Тараптар:

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігін;

Беларусь тарапынан - Беларусь Республикасының Мемлекеттік баспасөз комитетін құзыретті органдар деп белгілейді.

Тараптардың құзыретті органдарының ресми атауы немесе функциясы өзгерген жағдайда Тараптардың әрқайсысы ол туралы басқа Тарапты, кешіктірмей хабардар етеді.

## 9-бап

Осы Келісімге Тараптардың келісуі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

## 10-бап

Осы Келісімнің ережелері өздері қатысушылары болып табылатын басқа да

халықаралық шарттар мен келісімдер бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

Осы Келісімді қолдану немесе түсіндіру кезінде туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер консультациялар мен келіссөздер арқылы шешілетін болады.

## 11-бап

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады. Егер тиісті кезеңнің аяқталуына алты айға дейін Тараптардың ешқайсысы оның күшін тоқтатуға өз ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарламаса, оның күші келесі бесжылдық кезеңге өздігінен ұзартылатын болады.

## 12-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабар алынған күннен бастап күшіне енеді.

Астана қаласында 2000 жылғы 5 қазанда әрқайсысы қазақ, беларусь және орыс тілдерінде екі данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының  
Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК